

## "Қазақстан Республикасы Президентінің телерадиокомплексі" мемлекеттік мекемесін құру туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1996 жылғы 29 желтоқсан N 1671

Қазақстан Республикасының Президенті мен Үкіметінің қызметін ақпараттық қамтамасыз ету жөніндегі жұмыстың тиімділігін қамтамасыз ету, оның телерадио көрсетулерін сапалық жақсарту мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. "Қазақстан Республикасы Президентінің телерадиокомплексі" мемлекеттік мекемесі құрылсын.
2. Қазақстан Республикасы Президентінің Іс Басқармасы "Қазақстан Республикасы Президентінің телерадиокомплексі" мемлекеттік мекемесіне қатысты мемлекеттік меншік құқығы субъектілерінің қызметін жүзеге асыруши уәкілетті орган болып айқындалсын.
3. Уәкілетті орган 1996 жылдың 30 желтоқсанына дейін "Қазақстан Республикасы Президентінің телерадиокомплексі" мемлекеттік мекемесінің жарғысын бекітсін.
4. "Қазақстан Республикасы Президентінің телерадиокомплексі" мемлекеттік мекемесіне Президент Резиденциясындағы Қазақстан Республикасының Президенті Баспасөз-қызметінің Телерадиокомплексі орналасқан үй-жай мен Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі мемлекеттік комитетінің 1995 жылғы 31 қазандығы N 330 қаулысымен оған бекітілген мына мекен-жайдағы: Республика алаңы, 13-үйдегі үй-жай берілсін, сондай-ақ оның қызметкерлеріне айрықша жұмыс режимі үшін ай сайын төленетін 30% мөлшеріндегі үстеме ақы мен басқа да лауазымдық жалақыға қосымша ақылар сақталсын.
5. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі мемлекеттік комитеті N SM2331B контракті бойынша берілген телерадиожабдығын "Қазақстан Республикасы Президентінің телерадиокомплексі" мемлекеттік мекемесінің балансына берсін.
6. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі "Қазақстан

Республикасы Президентінің телерадиокомплексі" мемлекеттік мекемесінің қызметін қамтамасыз ету үшін бюджеттік қаржат бөлсін.

7. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі "Қазақстан Республикасы Президентінің телерадиокомплексі" мемлекеттік мекемесін белгіленген тәртіппен тіркесін.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және  
құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК